



СЫН САҒАТТА ЕЛІМІЗ ЫРЫСТЫ ЫНТЫМАҒЫН ТАНЫТТЫ

Ақордада су тасқынымен күреске белсене атсалысқан азаматтарды салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы су тасқынымен күрес шараларына белсене атсалысқан ел азаматтарын марапаттау рәсімінде сөз сөйледі.

Президент, ең алдымен, бұл бұрын ешқашан болмаған ең жойқын табиғи апат екенін атап өтті. Қазақстанның 10

аймағында төтенше жағдай жарияланды. Жалпы, ел көлемінде 19 мыңнан астам тұрғын үйді су басты.

— Сын сағатта еліміз ырысты ынтымағын танытты. Біз табиғи апат кезінде жұрт болып жұмылдық. Біртұтас ел екенімізді көрсеттік. Құтқарушылар, әскерилер, ішкі істер органдары мен әкімдік қызметкерлері тәулік бойы жұмыс істеді. Олар Отан алдындағы парызын мінсіз атқарды. Бір сөзбен, антқа адал болды, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ АЛЕКСАНДР КВАСЬНЕВСКИЙДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс, Орталық Еуропа және Орталық Азия елдерінің есірткіге қарсы саясаты жөніндегі комиссиясының төрағасы Александр Квасьневскийді қабылдады.



Кездесу барысында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің белен алуына қарсы күреске қатысты ақпарат алу, үздік тәжірибелерді насихаттау бағытында Комиссиямен қарым-қатынас жасау мәселелері талқыланды.

— Сіздің миссияңыз өте маңызды. Біз мұны нашақорлыққа қарсы күрес жөніндегі ықпалдастықты дамыту үшін өте пайдалы деп санаймыз. Елімізде бұл мәселеге айрықша мән беріледі. Жуырда Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзімде есірткі өндірумен және оны халық арасында таратумен айналысатын адамдарға қатысты жазаны қатандату тұрғысынан заңнаманы қайта қарау қажет екенін айттым. Сіз Шығыс, Орталық Еуро-

па және Орталық Азия елдерінің есірткіге қарсы саясаты жөніндегі комиссиясының жетекшісі ретінде адамзат мүддесін көздейтін маңызды миссияны атқарып келесіз. Қазақстан Комиссиямен белсенді қарым-қатынас жасауға дайын, — деді Президент.

Өз кезегінде Александр Квасьневский есірткіге қарсы саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа бағдарламалар мен шаралар туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Квасьневский есірткіге тәуелділіктің алдын алу және есірткіні заңсыз таратуға қарсы күресу үшін бірлескен жұмысты жалғастыруға уағдаласты.



ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2024 жылғы 21 маусымда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын», — деп жазылған Өкім мәтінінде.

ОЮДЫҢ БАСЫ БҮТІН, АРТЫ ҚОЮ...

Киіз үйдің ішінде қазақша камзол киіп, тұрпайы би билеген қыздардың видеосы мен сахнаға шыққан KeshYou тобының образы әлеуметтік желіде тарап, көпшіліктің сынына ұшырап жатыр. «Ою-өрнекті қор қылды» деген түрлі пікірдің құрсауында қалған ұшқары әрекетке қатысты сыни көзқарастың соңы «заңға өзгеріс енуі керек» деген ұсыныстармен аяқталды. Қазақы ұлттық нақышы бар киімдерді ұлтымызға жат стильмен жұртқа паш ету қатаң жазаны талап етеді. Әлеуметтік желіде бірінен соң бірі қатар шыққан жастардың ерсі әрекеті желдей есіп, қоғамдық «сананы» дүр сілкіндіріп қойды.

Әңгіменің төркіні мынада: қазақстандық KeshYOU тобы америкалық рэпер Snoop Dogg-пен бірге Америкада бір сахнада ән айтты. Алайда KeshYOU тобындағы қыздардың үстіне киген оюлы киімдері әлеуметтік желі қолданушыларының көңілінен шықпады. Екінші мәселе, кәсіби бимен айналысатын хореограф



Әлішер Сұлтанбекұлы қасындағы екі қызбен киіз үйде жартылай ашық денемен анайы би билеп, мұның салт-дәстүрді қорлау емес, керісінше таным-түсінігін кеңейту екенін айтып ақталды. Не десек те, жын-ойнақ қылған жастардың әрекеті халықтың да, мемлекеттің де назарынан тыс қалған жоқ.

(Жалғасы 5-бетте)

НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАМА НЕСИЕГЕ



Соңғы онжылдықтарда халықты несиелендіру көптеген елдің негізгі экономикалық және әлеуметтік мәселелерінің біріне айналды. Тарихи тұрғыдан алғанда, несие – экономикалық өсімді қолдауға және тауарлардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған құрал.

Алайда бүгінгідей қаржылық технологиялардың қарқынды дамуы кредиттік өнімді тұтынушылар қатарын күн санап ұлғайтуда. Нәтижесінде, көптеген елде ел азаматтарының шамадан тыс қарызға батуы негізгі проблемаға айналып отыр. Бір қарағанда, несие адамдарға өмір сүру сапасын жақсартуға, баспана сатып алу, білім алу секілді қажеттіліктерін өтеуге мүмкіндік береді. Бірақ несие көлемі шектен шықса, экономикалық тұрақтылыққа қауіп төндіруі мүмкін. Сарапшылар бұл проблема біздің елімізді де айналып өтпегенін жиі айтады.

2023 жылдың күзінде Мәжілісте халықтың қарызға батуын төмендету және қаржылық сауаттылықты арттыру мәселелеріне арналған парламенттік тыңдаулар өтті. Оның қорытындысы бойынша, Қаржы реттеуші азаматтардың борыштық жүктемесін шектеу бойынша қосымша шаралар да әзірленді.

Алайда экономистер несиенің салмағы қарапайым қазақстандықтардың қалтасына ауыр соғып жатқанын айтып жиі дабыл қаққанымен, кейбір сарапшылар оған қалыптасқан үрдіс деп қарайды. Бұл туралы мемлекеттік ұйым басшылары да пікір білдірген

еді. Осыған дейін Отбасы банкінің басшысы Ләззат Ибрагимова да қазақстандықтардың шектен тыс несие алып жатқаны негізсіз деп мәлімдеген болатын. Ал Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов жақында Астанада өткен брифингте БАҚ өкілдеріне тұтынушылық несиені қадағалау қажет екенін айтты.

«Менің ойымша, Қазақстанда халық шектен тыс несие алып жатқан жоқ. Несиелеу көлемі жоғары жекелеген топтарға назар аудару қажет. Әрине, табыс көзі жоқ азаматтардың көп несие алуы — әлеуметтік мәселе. Бірақ Қазақстанда шектен тыс кредиттеу мәселесі жоқ. Дегенмен тұтынушылық несиелеу деңгейін реттеу және мұқият қадағалау қажет. Бұл банктерге де, микрокредиттік ұйымдарға да қатысты», — деді Ұлттық банк төрағасы.

Акционерлер құрамы еліміздің екінші деңгейлі банктерінен құралған Бірінші кредиттік бюро (БКБ) өкілдері де осы тектес мәлімдеме жасады. Бюро бұл туралы қарыздардың орташа мөлшері төмен және несие портфелінің ауқымды бөлігі «ірі көлемде қарыз алушылардың» үлесіне тиесілі деген уәж айтады.

(Жалғасы 4-бетте)

АБАЙ ӨҢІРІНДЕ ТАҒЫЛЫМДЫ ІС КӨП



ИЕҢ ҚАЙДА, БОЗ КІЛЕМ?!



СЫН САҒАТТА ЕЛІМІЗ ЫРЫСТЫ ЫНТЫМАҒЫН ТАНЫТТЫ



Басы (1-бетте)

Қасым-Жомарт Токаев топан сумен күреске күштік құрылымдардың 63 мыңнан астам қызметкері атсалысқанына назар аударды. Құтқару операциясы барысында 120 мыңнан астам адам, оның ішінде 40 мың бала қауіпсіз жерге көшірілді.

— Бұл — құтқарушылар мен ұшқыштардың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Әбіш Кекілбаев «Елін сүйген азаматқа ең үлкен қайғы — өз халқының тағдырынан тыс қалу» деп айтқан. Ұлттық еріктілер желісі табиғи апат болған сәттен бастап ерекше белсенді болды. 50 мыңнан астам волонтер көмек керуендерін ұйымдастырды. Олар апат аймақтарына азық-түлік және басқа да қажетті заттарды жеткізуге атсалысты. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жүректен жүрекке» акциясы ортақ іске мол септігін тигізді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Кентау қаласында тұратын Гауһар Шаймерден есімді оқушы қыздың ата-анасына отаншыл ұрпақ өсіріп жатқаны үшін алғыс айтты. Ол өзі жинап жүрген қаржысын Құлсары қаласының тұрғындарына аударған. Сонымен қатар Атырау облысының тұрғындары — тоқсаннан асқан Орынша Токтыбақызы мен Әлия Досмұханованың ерен еңбегін ерекше атап өтті. Бұдан бөлек,

Президент көмек бергені үшін бауырлас мемлекеттерге, халықаралық компаниялар мен ұйымдарға ризашылығын білдірді.

— Нағыз достық қиындықта сыналады деп тектен-тек айтпайды. Кейбір шетелдік азаматтар зардап шеккен адамдарға жәрдемдесу үшін арнайы келді. Осы сәтті пайдаланып, қиын-қыстау шақта қолдау білдіргені үшін шетелдік серіктестерімізге және достарымызға шын жүректен ризашылығымызды білдіремін, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, су тасқыны кезінде халқымыз бірлігі бекем, ынтымағы берік ел екенін көрсетті.

— Алапат су тасқындап келіп қалғанда, отандастарымыз табиғат апатымен күресіп жатқан құтқарушыларға көмек қолын созды. Олар су басқан аймақтарда жауапты қызмет мекемелеріне жәрдемдесіп, жанқиярлықпен әрекет етті әрі батылдық танытты. Көбі адамдар мен жануарларды өз көліктерімен қауіпсіз жерге алып шықты. Мыңдаған жанашыр азамат тасқын судан қорғайтын бөген салуға қатысты. Ортақ күш-жігердің арқасында біз жағдайдың ушығып кетуіне жол бермедік, — деді Қасым-Жомарт Токаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы өздерін нағыз отаншыл әрі жауапты азамат



мат ретінде көрсеткен еріктілердің еңбегін жоғары бағалап, оларды қазіргі заманның батырлары деп атады.

— Мен еріктілер қозғалысының дамуына айрықша мән беремін. Өздеріңізге мәлім, 2020 жылды Волонтер жылы деп жарияладым. Осы уақыт ішінде еліміздегі волонтерлік қызмет мүлде жана деңгейге көтерілді. Еріктілердің күш-жігерінің арқасында маңызды бастамалар мен жобалар жүзеге асты. Ең бастысы, біз адамдардың мемлекет пен қоғам өміріне араласуға, адами құндылықтар мен қасиеттерге сай болуға деген ниетін ояттық.

Еліміздегі жан-жақты жаңғырулардың қозғаушы күші — адам. Қолға алынған ауқымды реформалар табысты жүзеге асу үшін еліміздің барша азаматы күш біріктіруге қажет екеніне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Токаев.

Президент баспанасыз қалған адамдарға «Қазақстан халқына» қорынан тұрғын үй салуға қаражат бөлінгенін айтты. Жалпы, 2 200-ден астам үй салынады. Сондай-ақ 10 мыңға жуық баспана күрделі жөндеуден өтеді.

— Тасқынның зардабын жоюға бірқатар кәсіпкеріміз қомақты қаражат бөлді. Олар әрдайым туған елімен бірге екенін нақты іспен дәлелдеді. Ұлт мүддесіне сай жауапкершілігі мол кәсіпкерлік дегеніміз — осы. Әрине, қалыс қалған кәсіпкерлер де аз емес, олардың кім екенін де жақсы білеміз. Біз ешкімді мәжбүрлеген жоқпыз. Әркім өз тандауын жасады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Токаев Киевте Қазақстан журналисіне жасалған қастандық әрекетке қатысты пікір білдірді.

— Елімізде заң үстемдігін нығайтып жатырмыз, яғни барлық салада, ең алдымен заң үстемдігін қамтамасыз ету — басты міндет. Бұл мәселе бойынша менің көзқарасым — айқын. Мұны өздеріңіз де жақсы білесіздер. Қазақстанда заң мен тәртіп бәрінен биік тұруға тиіс. Сондықтан қоғамдағы барлық қарама-қайшылық пен келіспеушілікті тек құқықтық тұрғыдан, яғни тиісті заңнамаға және негізгі халықаралық нормаларға сәйкес шешу қажет. Кеше Қазақстан азаматы Айдос Садықовқа қатысты Киевте болған қылмысқа да дәл осы ұстаным тұрғысынан қараған жөн. Мен дипломатиялық арналар мен құқық қорғау органдары арқылы осы оқиға бойынша Украина тарапына ресми сұраулар жіберу туралы нақты тапсырма бердім. Сондай-ақ қажет болған жағдайда Қазақстанның ресми органдары істің ақиқатына жетуге жәрдем беру үшін тергеу жұмысына қатысуға дайын екенін айтқым келеді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Токаев сөзін қорытындылай келе, апат салдарын жоюға атсалысқан әр азаматқа шынайы ризашылығын білдірді.

— Баршаның мәлім, қазір «Таза Қазақстан» акциясы басталды. Бұл — өте маңызды әлеуметтік, тіпті саяси жоба. Оның түпкі мәні — ұлтты ортақ іске ұйыстырып, елімізді көркейте түсу, халқымыздың жаңа экологиялық сана-сезімін дамыту. Бұған ең алдымен өздеріңіз сияқты адал азаматтар ұйытқы болады. Ел мүддесі үшін жасалған еңбек пен ерлік ешқашан ұмытылмайды. Сондықтан бүгінгі марапатты халықтың сіздерге деген зор алғысы деп қабылдаған жөн, — деді Президент.

Марапаттау рәсімінде «Загіптар арманы» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің іс жүргізушісі Әлия Досмұханова, «Основание» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің экскаваторшысы Владимир Царик және «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақтөбе филиалының су беруді реттеушісі Шыңғыстау Әбдиев сөз сөйледі.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы су тасқынына қарсы шараларға белсене атсалысқан бір топ құтқарушылар, волонтерлер мен қоғам белсенділерін, әскери қызметшілер мен дәрігерлерді, қарапайым жұмысшыларды, сондай-ақ кәсіпкерлер мен ірі бизнес өкілдерін марапаттады.

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ»:

«АДАЛ АДАМ — АДАЛ ЕҢБЕК — АДАЛ ТАБЫС» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қатысуымен «Ұлттық мүдде» диалог алаңының кезекті отырысы өтті. Онда сенаторлар зиялы қауым өкілдерімен және сарапшылармен бірге қазіргі жаһандық сын-қатерлер кезеңінде жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру, жетілдіру және дәріптеу бағытындағы өзекті мәселелерді талқылады.

Қоғамды жалпыұлттық мақсаттар мен ортақ құндылықтарға жұмылдыру — Әділетті Қазақстан құру жолындағы жасампаз күн тәртібін іске асырудың және ғасырлар бойы қалыптасқан мемлекеттілікті сақтаудың негізгі шарты. Сенат Төрағасы атап өткендей, қазір

жалпыұлттық құндылықтардың заманауи әлеуметтік-мәдени нормалармен үйлесімін табу әлемнің көптеген елі үшін маңызды міндет.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында осы мәселеге тоқталып, негізгі құндылықтарды атап

өткені белгілі. «Адал адам — Адал еңбек — Адал табыс» — бір-бірімен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш таған озық әрі табысты елге айналу жолында айрықша маңызға ие.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Токаев «Адал адам — Адал еңбек — Адал табыс» идеологиялық тұжырымында осы бағыттағы негізгі бағдарды айқындап берді. Олар — Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік пен Жауапкершілік, Заң мен Тәртіп, Еңбекқорлық пен Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Бұл құндылықтар азаматтық жауапкершілікті нығайтып, қоғамның дамуына серпін беретін ұлттық сипатқа ие. Сондықтан оларды дәріптеу — баршамыз үшін маңызды міндет», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата Спикері көздеген мақсаттарға қол жеткізу үшін аталған идеологиялық тұжырымды оқу бағдарламасына енгізу және бұл құндылықтарды жастардың бойына сіңіру жолында креативті индустрияны тиімді пайдалану маңызды екенін айтты.

Іс-шара барысында сенаторлармен бірге ҰҒА академигі Ғарифолла Есім, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркия факультетінің профессоры Армантай Шәріп, заң ғылымдарының кандидаты Алмас Жұмағали, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Айсұлу Ерняязова, IT-сарапшы Тимур Бектұр және тағы басқа сарапшылар сөз сөйлеп, көтерілген мәселеге қатысты пікірлерін білдірді.

Агроөнеркәсіптік кешеннің 12 басым бағыты бойынша 2,5% жеңілдікпен бюджеттік несие алуға болады. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

КӘСІПКЕРЛЕР ЖЕҢІЛДІКПЕН НЕСИЕ АЛА АЛАДЫ

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды ынталандыру, жаңа өндірістік қуаттарды құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту, саланың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешені саласындағы жобаларды несиелендіру ережесіне өзгерістер енгізу туралы бұйрық қабылдады», — делінген хабарламада.

Өзгерістер 12 бағыт бойынша жобаларды жеңілдікпен қаржыландыруды қамтиды.

Олардың қатарында сүт-тауар фермаларын, ет бағытындағы құс фабрикаларын, ет шаруашылығы кәсіпорындарын, көкөніс қоймаларын құру жобалары бар.

Сондай-ақ қазіргі заманғы су үнемдеу технологияларын пайдалана отырып, суармалы егіншілікті дамыту, өнеркәсіптік жолыжай кешендері, жеміс қоймалары, балық шаруашылығы, балық өңдеу зауыттары, құс шаруашылығындағы асылтұқымды репродукторлары, ауыл шаруашылығы өнімдерін одан әрі терең өңдеу және сақтау кәсіпорындары, оның ішінде жүн және тері, қаптама материалдарын өндіру салалары да мемлекеттік қолдауға ие болады.

Кәсіпкерлер 10 жылға дейін 2,5 пайыздық жеңілдікпен несие қаражатын пайдалана отырып, өз жобаларын жүзеге асыра алады. Несиенің ең жоғары сомасы 5 млрд теңгеге дейін.



СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІЛІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

Сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем алу тәртібін жетілдіру туралы заңды ілеспе түзетулерімен екі оқылымда қабылдады. Қазақстан мен БҰҰ арасындағы цифрлық инклюзия және трансформация жөніндегі Азия-Тынық мұхиты министрлерінің конференциясын ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялады.

Сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша заң жобасына депутаттар бастамашы болды. Ол Мемлекет басшысының сот жүйесін реформалау жөніндегі тапсырмаларын орындауға бағытталған. Заң жобасының нормалары жөнінде жұмыс тобының жетекшісі Үнзила Шаппак баяндалды. Депутаттың айтуынша, жобаны үш бағытқа бөліп қарауға болады. Біріншісі, «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» заңға өзгерістер енгізіледі. Ол судья заңдылықты өрескел бұзуға жол берген әрбір күшін жойған сот актісін тексерудің жаңа тегігін енгізуге байланысты Сот жюриінің жұмысын жетілдіруге қатысты.

«Екіншісі — әкімшілік әділетке байланысты. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру бойынша жаңа міндетпен толықтыру ұсынылады. Бұл азаматтарға құқықтық қатынастардың белгілі бір саласындағы дауларды шешу тәжірибесінде бағдарлауға мүмкіндік береді. Осылайша, сотқа түсетін шағымдар саны азаяды», — деді Ү.Шаппак.

Сондай-ақ талап қоюшының таңдауымен әкімшілік істер бойынша эксаумактык соттылықты енгізу ұсынылады. Бұл соттарға деген сенімді арттырады. 2022 жылдың тамыз айынан бастап азаматтық істер бойынша эксаумактык соттылық енгізілді. Бірақ ол үшін екі тараптың, яғни талап қоюшы мен жауапкердің келісімі қажет.

Аумақтық әділет органдарына жеке сот орындаушыларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдарды сотқа талап арыз бергенге дейін қарау құқығы беріледі. Бұл сот талқылауларының санын қысқартып, атқарушылық іс жүргізудің жедел орындалуына ықпал етеді.



Үшінші бағыт кассациялық сатыны жетілдіруге бағытталған. Жобада Жоғарғы Сотта азаматтық және қылмыстық істерді алдын ала қарауды алып тастау ұсынылды. Бұл ретте тәуелсіз кассациялық сатының жаңа моделі енгізіледі. Оның аясында елордада әртүрлі іс жүргізу бойынша үш кассациялық сот құрылады.

Сонымен қатар Мәжіліс ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем алу тәртібін жетілдіру туралы заңды Салық кодексіне ілеспе түзетулермен екі оқылымда қабылдады. Түзетулерге Парламент депутаттары бастамашы болды. Жаңа заңда ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін салықты алып тастау ұсынылады. Жұмыс тобының жетекшісі Еділ Жаңбыршин бұл осындай аймақтарға келушілерді көбірек тартуға, экотуризмді дамытуға және азаматтардың экологиялық сауаттылығын арттыруға септігін тигізетінін айтты. Түзетулер сонымен қатар биоалуантүрлілік пен экотүрлерін сақтау үшін маңызды табиғи аумақтарда ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндікті кеңейтеді. Бұл ретте туристерге көрсетілген қызмет үшін төлем бұрынғы калпында қалады.

Мәжіліс сондай-ақ 2024 жылғы 22 сәуірде Бангкок қаласында жасалған Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы цифрлық инклюзия және трансформация бойынша Азия—Тынық

мұхиты министрлерінің конференциясын ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялады. Ол туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жасұлан Мәдиев баяндалды.

«Қазір министрлік тарапынан цифрландыру саласында көп жұмыс атқарылып жатыр. Ол жұмыс халықаралық даму институттарының оң бағасын тауып, әлемге танымал болды. Осыған орай 2023 жылғы 19 мамырда Азия және Тынық мұхиты комиссиясының 79-сессиясында Цифрлық инклюзия және трансформация жөніндегі министрлік конференциясын өткізу және Цифрлық орталықты құру жөніндегі Қазақстанның бастамасын 62 мемлекет қолдады», — деді министр.

Жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева қосымша баяндамасында конференция Қазақстанның IT-экспорттың өсуіне ықпал ететінін айтты. Оның аясында SmartBridge, SDU, eOtinish және басқа да отандық Govtech шешімдері мен стартаптарының көрмесі ұйымдастырылады.

Орталық Азияның тұрақты дамуы үшін БҰҰ-ның цифрлық шешімдер орталығы тиімді өңірлік цифрлық дамуға, отандық мамандардың БҰҰ-ның озық тәжірибесіне тікелей қол жеткізуіне, цифрландыру саласындағы ірі бастамалар мен жобаларды жүзеге асырудағы күш-жігерді үйлестіруге және пандемия,

табиғи апаттар сияқты дағдарыс жағдайларымен тиімді күресуге ықпал ететін болады.

Жалпы отырыста Қазақстан Республикасының орнықты дамуы саласындағы ұлттық максаттар мен міндеттердің орындалуын мониторингтеу жөніндегі Парламенттік комиссияның құрамына Мәжіліс депутаттарын сайлау туралы мәселе қаралды. Оның құрамына экс-депутат Динара Шүкіжанованың орнына Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі Айтуар Қошмамбетов кірді.

Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады: газбен жабдықтау және тауарлық газды үнемді тұтыну мәселелері бойынша, Қазақстан мен Қатар үкіметтері арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау жобасы.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 17 депутаттық сауал жолдады. Мәселен, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Аманжол Әлтай Нидерланды еліндегі UPOV — Өсімдіктердің жаңа сорттарын қорғау бойынша халықаралық ұйымға мүше болу жайын қозғады. Бүгінде ұйымға 79 мемлекет мүше.

«Өнеге аларлық бір мысал келтірейін, Кения мемлекеті осы ұйымға 2018 жылы мүше болып кіріп, гүл өсіру саласын да-

мыта бастады. 2020 жылы осы саланың жылдық табысы 1,1 млрд доллардан асты. 500 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Мемлекетіміз осы UPOV ұйымына мүше болмағандықтан шетелдің алдыңғы қатарлы тұқым шығарумен және сатумен айналысатын компаниялары біздің елге тұқым сатуға, инвестиция салып, заманауи зертханалар ашуға құлықсыз. Қазіргі уақытта әлемде картоп тұқымына сұраныс жыл сайын артауда. Оның негізгі себебі — тез дайындалатын тамақтандыру желілерінің барынша дамуы. Негізгі импорттаушы елдер — Қытай, Ресей және Үндістан мемлекеттері. Ол мемлекеттер Нидерланды мемлекетіне 50 жылға алдын ала тапсырыс беріп қойған. Біздің мемлекетіміз осы экспорттық нарықты игеріп, үлкен пайда табуына мүмкіншілігі бар. Таңғалдыратыны, соңғы екі жылда UPOV ұйымы өзі шақырту жіберіп Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұйымның жұмысын таныстырып, мүше боп кірген жағдайда Қазақстанның қандай табыстарға қол жеткізетінін түсіндірген. Өкінішке қарай, Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты тұлғалары нақты жұмыстарды жүзеге асырмаған. Осындай салғырттықтың салдарынан біздің шаруалар қаншама пайдадан қағылуда», — дейді ол.

Ал келесі бір депутат Нұртай Сабильянов «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» мәселесін көтерді. Ол өзіне Абай облысы бойынша Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі қызметкерлерінің салалық кәсіподағынан хат келіп түскенін хабарлады.

«Жатта мына мәселелер көтерілген. Біріншіден, техникалық персоналға 100%-ға дейін қосымша үстемақы беру қарастырылған. Алайда үнемделген қаражаттың жоктығына байланысты үстемақы толық төленбей отыр. Екіншіден, ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін 25% қосымша ақы қосу тізбесі бекітілген. Бірақ оған табиғат қорғау мекемелерінің мамандары мен қызметкерлеріне, ауылдық жерлерде табиғатты қорғау функцияларын жүзеге асыратын лауазымды адамдар санаты енгізілмеген. Үшіншіден, «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» РММ-ның техникалық персонал санатына кіретін 1 500-ге жуық қызметкер осы жәрдемақыны ала алмай отыр. Сонымен қатар орман шаруашылығы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру қажет», — деді ол.

Осыған орай депутат Үкімет басшысынан осы мәселелерді шешіп беруді сұрап отыр.

«ДӘРІГЕР TALKS»: ДИАЛОГ АЛАҢЫНДА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Еліміздің барлық өңіріндегі 300-ден астам дәрігер, медбикелер, оқытушылар, ғалымдар, медициналық ұйымдардың басшылары, денсаулық сақтау саласының ардагерлері мен сарапшылар «AMANAT» партиясының «Dәрігер Talks» диалог алаңында бас қосты.

Олар медициналық қызмет көрсету жүйесінің қазіргі жай-күйін талқылап, отандық медицинадағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын ұсынды. Сондай-ақ қатысушыларға партиялық және ведомстволық наградалар табысталды.

Жаңа диалог алаңының алғашқы жиыны Nazarbayev University медицина мектебінде өтті. «Dәрігер Talks»-тың ерекшелігі — мұнда дәрігерлер денсаулық сақтау саласын дамыту аясында өмірдегі және кәсіптегі өздерінің жеке қалыптасу тарихымен бөліседі.

Сөз басында, Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов барша қатысушыны өткен Медицина қызметкері күнімен құттықтап, мемлекет әрқашан денсаулық сақтау саласына ерекше назар аударатынын атап өтті. Ол сондай-ақ партияның 70 мыңға жуық мүшесі — медицина саласының өкілдері екенін және олар «AMANAT»-тың маңызды тірегі саналатынын жеткізді.

«Мемлекет басшысының ұсынысымен қайтадан «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» мемлекеттік наградасы енгізілді. Қоғам дәрігерлеріміздің ерен еңбегін бағалап қана қоймай, олар туралы егжей-тегжейлі білуі керек деп санаймын. Сол себепті де «AMANAT» партиясы осы «Dәрігер Talks» алаңын ашып отыр. Осы жерде медицина қоғамдастығы депутаттық корпуспен және Денсаулық



сақтау министрлігімен бірге ашық диалог форматында өзекті мәселелерді талқылап, оны шешу жолдарын айқындай алады. Біздің міндетіміз — әр дәрігердің үнін естірту», — деді ол.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов жуырда денсаулық сақтау заңнамасына енгізілген түзетулерге назар аударды. Бұл түзетулерді «AMANAT» партиясы әзірледі. Заңда медицина қызметкерлеріне арналған бірқатар әлеуметтік кепілдіктер қарастырылып, олардың құқығын қорғау жұмысы күшейтілуде. «AMANAT» партиясының Төрағасы дәрігерлерге қол жұмсау оқиғалары жиілеп бара жатқанына жеке тоқталды.

«Мұндай әрекеттерді ақтап алуға болмайды. Сондықтан біз барлық деңгейдегі медицина қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету

бағытында жұмыс істеп жатырмыз. Депутаттар — «AMANAT» фракциясының мүшелері медицина қызметкерлерін қорғау мақсатында Қылмыстық кодекске түзетулер енгізуге бастамашы болды. Жакын арада біз медицина қызметкерлерін қорғауды заң жүзінде күшейтеміз», — деді Ерлан Қошанов.

Кездесуге қатысушылар Президент Жолдауы мен оның сайлауалды бағдарламасын, сондай-ақ «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру қорытындысы бойынша медицина қызметкерлерін қолдау және жалпы денсаулық сақтау саласын дамыту бойынша бұрын-соңды болмаған оң шаралар қолға алынып жатқанына назар аударды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2020-2023 жылдар аралы-

ғында медицина қызметкерлерінің жалақысы кезең-кезеңімен өсті. Мәселен, дәрігерлердің еңбекақысы 3 еседен астам жоғарыласа, орта медицина қызметкерлерінің жалақысы 2 еседен астам өсті. Бұл дегеніміз — 270 мыңнан астам отандасымсыз бен олардың отбасы мүшелері», — деді Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова.

Ауылдағы дәрігер тапшылығы мәселесін шешу үшін ауылдық жерге көшіп барған мамандарға 100 АЕК мөлшерінде көтерме жәрдемақы төленеді. Денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі заңға енгізілген бұл норма «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында көзделген.

«Еңбегім бағаланатын әрі сұранысқа ие болатын жұмыс орнын іздедім. Ауылдық жерде әрдайым дәрігер керек.

Осында көмегім шынымен қажет екенін сезіндім. Көтерме жәрдемақы алып, бастапқыда қол жеткіздім. Бірақ мен үшін ең құнды дүние — жергілікті тұрғындардың ыстық ықыласы, олардың жаңға жайлы ортасы мен көрсетіп жатқан қолдауы», — деді Павлодар облысы Приртышск ауылындағы жалпы тәжірибе дәрігері Закир Баратов.

Өз кезегінде, «Өмір тынысы» трансплантация жасалған адамдарды оңалту бірлестігінің төрағасы Жәнібек Оспанов донор мәселесіне тоқталды. Оның өзіне де осыдан 10 жылдан астам уақыт бұрын жүрек трансплантациясы жасалды.

«Донор болу — ойланyp, толғанып барып жасалатын маңызды қадам екенін түсінген жөн. Мәселен, мен өмірден озған соң қандай да бір ағзам өзге адамның өмірін жалғап, ол өкі-үш балалы болса — өмір жалғасы дегеніңіз осы емес пе? Әр адам донорлыққа қатысты көзқарасты түсінуі керек», — деді ол.

«Dәрігер Talks» қатысушылары денсаулық сақтау саласына және әлеуметтік салаға қатысты бірқатар бастама көтерді. Іс-шара барысында Алматы облысы Ұзынағаш ауылының дәрігер-реабилитологі Әсел Саурыкова, Түркістан қаласының дәрігер-терапевті Камагүл Мұсақожаева, Қостанай облысының бас балалар хирургі Игорь Белобрицкий, Астана қаласының ЛОР-дәрігері Мелет Маханбет, Шығыс Қазақстан облысы Ақжар ауылының травматолог-ортопед дәрігері, PhD докторы Елжан Манарбеков, Көкшетау қаласының фельдшері Гулназ Бөкеш, University Medical Center басқарма төрағасының орынбасары Махаббат Бекбосынова және өзге де азаматтар сөз сөйледі. Отырыс модераторы — дәрігер, танымал тележүргізуші Айнұр Тәжина.

Кездесу соңында «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова және Қазақстан денсаулық сақтау менеджерлері қауымдастығы кеңесінің төрағасы Қуаныш Ергалиев кәсіби қызметіндегі еселі еңбегі үшін бірқатар медицина қызметкерін марапаттады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғам дертіне айналған лудоманияға қарсы күрес жайында жиі айтып келеді. Тіпті, Қауіпсіздік кеңесінің жиынында, Ұлттық құрылтай төрінде нақты тапсырмалар берген. Себебі осы лудомания қасіреті қаншама отбасының шаңырағын ортасына түсірді, қаншама жанның өмірін қиды. Әлі қаншама жасты шеңгеліне алып, жыландай арбап жылымына батырарын кім білсін?! Қолда бар деректерге сенсек, соңғы екі жарым жылда еліміздің шамамен әрбір бесінші адамы ойын ойнайды немесе құмар ойындарына қандай да бір қатысы бар екені анықталған. Ал оның ішінде 400 мыңдай адам ойынға салынып, букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты тұтынушысына айналған. Бұған қоса, ойын нарығы айналасында үлкен қаражат айналып жатыр.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚҰРЫҒЫНДА ЖҮРМЕЙДІ

Ақыры, қоғамды аландатып отырған мәселе көпшіліктің қолдауына ие болып, мемлекеттік қызметкерлерге құмар ойындарға тыйым салу туралы петицияға 50 мың қол жиналды.

Бастамашылар жиналған қол биліктің назарын аударып, заңнамаға өзгерістер әкеледі деп үміттенеді.

МӘЖІЛІС МӘН БЕРІП ОТЫР

Биыл 20 наурызда Парламент Мәжілісінде лудомания туралы заң жобасының таныстырылымы өтті. Онда депутаттар мен сарапшылар ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі мәселелеріне қатысты заңнамалық түзетулерді талқыласа, 29 наурызда Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы да осы заң жобасын талқылауға арналды. Осы жылдың сәуір айында Парламент Мәжілісі кейбір заңнамалық актілерге ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдаса, жуырда осы заңды ілеспе түзетулермен екінші оқылымда тағы қабылдады. 5 маусымда өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Мәжіліс депутаты, «АНАТ» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев құмар ойындарға қатысты заң жобасын дайындаудың қиынға соққанын, екі жыл талқыға түскенін мәлімдеді. «Әдетте, басқа заңдар бойынша қорытындыны 1-2 ай күтетін болсақ, ал бұл заңға келгенде тым созылып кетті. Екі шақырылымдағы депутаттық тәжірибемде осыншама ұзақ уақыт бойы Үкімет қорытындысын алуды бірінші көрдім. Демек, мұның айналасында мүдделі топтар, лоббистер бар деген сөз. Яғни, үлкен қаражат айналып жатыр», — деді ол.

Түзетулерге сәйкес, қазақстандықтардың белгілі бір тобына құмар ойын ойнауға және бәс тігуге тыйым салынады. Олардың қатарына 21 жасқа толмағандар, ойын және бәс тігуге қатысуы шектелген, оның ішінде өзін-өзі шектеген, сондай-ақ борышкерлердің бірыңғай реестріне енген азаматтар кіреді.

«Құмар ойын ойнауға өзін-өзі шектеудің максималды мерзімі бір жылдан 10 жылға дейін көтерілді. Себебі бір жыл өте аз. Көбісі осы мерзім аяқталғаннан кейін қайтадан құмар ойын ойнай бастайды. Ең бастысы, өз-өзіне қойылған шектеуді мерзімінен бұрын алып тастау мүмкін емес. Иә, біз ойынқұмарлардың құқығын шектеп жатырмыз деп айтатын шығар, бірақ шын мәнінде бұл — лоббистердің ең сүйікті аргументі. Егер адам ойын ойнағысы келіп, мұны жасай алмаса, бұл оның жауапкершілігі. Өйткені ол өзін-өзі шектеуге келісім беріп, қол қойған кезде барлық заңды міндеттемені өз еркімен мойнына алған», — деді Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев төменгі палатаның жалпы отырысында.

Оның айтуынша, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметкерлер және арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне де бәс тігуге тыйым салынады. Бұл — шамамен 280 мың адам. Егер тыйымды бұзса, жұмыстан босатылады. Электронды казино мен

онлайн-казино қызметін ұйымдастырғаны үшін заңды тұлғалар қылмыстық жауапқа тартылады. Жаза ретінде 2000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салу, не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не екі жылға дейінгі мерзімге бәс бостандығын шектеу немесе мүлкі тәркіленіп, сол мерзімге бәс бостандығынан айырусынылады. Бұдан бөлек, Қазақстан аумағында лицензиясы жоқ шетелдік букмекерлік кеңселер мен букмекерлік дүкендердің интернет-ресурстарының қызметіне тыйым салынды. Аталған заң енді Сенат қарауына жіберілді.

Айта кеткеніміз жөн, заңға Мемлекет басшысының халық арасында ойынға тәуелділікпен күресті күшейту жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру аясында депутаттар бастамашы болды.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

2022 жылы Алматы облысының прокуратурасы казинолар мен ойын автоматтарының жұмысын тексеру кезінде мемле-

кеттік қызметкерлердің құмар ойындарына жұмсаған қаржысын анықтаған еді. Олар ұсынған дерекке сенсек, 305 мемлекеттік қызметкер құмар ойынның қармағына ілінген.

«Тізімде Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі мен Қаржы министрлігі көш бастап тұр. Қызметкері ойынқұмар ведомстволардың ішінде Жоғарғы сот, Қаржы мониторингі агенттігі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі де бар. Казиноға барудан жергілікті атқарушы орган мамандары да қалысар емес», — деп жазылған ақпаратта.

Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құмар ойынға жұмсаған қаражаты: Ішкі істер министрлігі — 97 млн, Қорғаныс министрлігі — 95 млн; Қаржы министрлігі — 25 млн, Жоғарғы сот — 7 млн, Қаржы мониторингі агенттігі — 15 млн, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі — 3 млн, Жергілікті атқарушы органдар — 36 млн, басқа мемлекеттік органдар — 27 млн.

Естеріңізде болса, 2018 жылы Атырау облыстық Ішкі істер департаменті басшысының Минск казиносында жүрген

бейнекадрлары әлеуметтік желіде тарап кетті. Онда Аян Дүйсенбаевтың 1 миллионнан аса доллардан ұтылғаны жазылған. Алайда Ішкі істер министрлігі тексеріс жүргізіп, аймақтың бас полицияінің ойынға еш қатысы жоқ екенін мәлімдеді. Ол шетелде демалыс кезінде ішімдік ішкен жолдасын казинодан алып кету үшін қолдас керек. Ал министрлік 2014 жылы болған оқиға кезінде казиноға жұмсалған қаражаттың жолдасының есепшоты мен картасынан алынғанын анықтаған. Сол кезде Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атыраудағы департаменті облыстық Ішкі істер департаментінің басшысы Аян Дүйсенбаевқа қатысты тексеріс жүргізбейтінін айтқан болатын. Себебі Әдеп кеңесінің төрағасы Занда және Президент қол қойған Әдеп нормаларында «мемлекеттік қызметкер казино немесе сауық ойындарын ойнамауы тиіс» деп айқын жазылмағанын айтты. Егер аталған заң күшіне енер болса, мемлекеттік қызметкерлер бұлай құмар ойынның құрығында жүрмейтін болады.

ТҮЙІН:

2019 жылға қарағанда 2022 жылы құмар ойындар мен бәс тігу деңгейі 40 есеге артса, былтыр букмекерлік кеңселердің жылдық айналымы бейресми ақпараттар бойынша 1 триллион теңгеге жеткен екен. Тіпті, құмар ойындар жылжымайтын мүлік нарығын басып озған. 174 мың қазақстандық 36 млрд. теңгеге бәс тіккен! Бүгінде тұрмыстың зорлық-зомбылыққа баратындардың дені — осы құмар ойынға шалдыққандар екені және ажырасулардың 40 пайызына осы лудомания тікелей себепкер болғандығы белгілі болып отыр. 2022 жылы елімізде 3 мың 676 адам өзіне қол жұмсап қайтыс болса, олардың әрбір бесіншісінің себебі — лудомания. Осылайша, лудомания 21-ғасыр дертіне айналып отыр.

(Басы 1-бетте)

Кәмила ЕРКІН

Алайда «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығы сарапшыларының пікірінше, объективті түрде халықтың шектен тыс қарыз алу көрсеткіштері жоғары. Орталық мамандары ұсынған деректерге сенсек, еліміздегі бір қарыз алушының берешегінің орташа сомасы 2,2 млн теңгені құрайды.

«Банктерде — 2,1 млн теңге, классикалық МҚҰ-да — 1,5 млн теңге, шағын несиелер бойынша — 188 мың теңге. Онлайн-микрорайымдар бойынша берешектің орташа сомасы аз болуы мүмкін. Өйткені Қаржы реттеуші статистикасында классикалық микрокредиттер мен онлайн-микрорайымдар жеке-дара қарастырылмайды. Салыстырар болсақ, БКБ деректеріне жүгінсек, 2023 жылдың 1 қазанында микроқарыздар бойынша онлайн берешектің орташа сомасы 150 мың теңгені құраған. Жалпы алғанда, орташа қарызды орташа жалақымен салыстыру қарыз жүктемесінің объективті көрсеткіші емес. Себебі азаматтардың қарыз мөлшері мен кіріс деңгейі арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Коллекторлық агенттіктерге берілген қарыздарға қарасаныз, 854 мың қарыз алушының 90%-ы 1 млн теңгеге дейінгі, яғни 3 орташа айлық жалақы көлемінде берешегі. Бірақ соған қарамастан, бұл азаматтар өз несиелерін жабуға қауқарсыз халде», — дейді олар. Сол себепті сарапшылар әрбір қарыз алушының несиелік жүктемесі жеке-дара есептелуі керек деген тоқтамаға келеді.

Мемлекет басшысы да халыққа Жолдауында бұл мәселе қоғам үшін өзекті екенін атап өткен еді. 2019 жылы қабылданған 500 мың азаматқа кепілсіз кредиттерді есептен шығару туралы шешім, сондай-ақ күшіне енген «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң әсерінен

НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАМА НЕСИЕГЕ

проблема біршама бәсеңдегенімен, толық шешімін таба алмады. Президент жағдайды түбегейлі жақсарту үшін жана жүйелі шаралар, оның ішінде қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығын жақсарту қажет екенін атап өтті.

Ұлттық банктің 2024 жылғы 1 мамырдағы деректері бойынша, экономикаға берілген кеңейтілген ұйғарымда кредит 35,8 трлн теңгеге жеткен. Ал жыл басынан бергі несие көлемі 3,5%-ға ұлғайған.

«Қарыз алушылардың санаттары бойынша кредиттердің жалпы көлемінің 46,1%-ы бизнес кредиттеріне, 53,9%-ы халыққа берілген кредиттерге тиесілі. Бұл ретте корпоративті кредиттер жыл басынан 0,4%-ға өсіп, 16,5 трлн теңгені құраса, халыққа берілген кредиттер 6,2%-ға артып, 19,3 трлн теңгеге жетті», — деп мәлімдеді Ұлттық банк.

Ал Бірінші кредиттік бюронның деректеріне сәйкес, 2024 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша жеке тұлғалардың жалпы кредиттік портфелі 19,2 трлн теңгені құрады. Негізгі үлес кепілсіз тұтынушылық несиелер, ипотека және автокредиттерге тиесілі. Кепілді тұтынушылық несиелер, несие карталары және онлайн-займдар жалпы портфельдің тек 7,5%-ын құрады.

Сарапшылардың пікірінше, елдегі базалық мөлшерлеменің деңгейі несиенің пайыздық мөлшерлемесіне әсер ете алмайды. Себебі екінші деңгейлі банктер өз клиенттеріне заң жүзінде рұқсат етілген ең жоғары пайыздық көрсеткішпен қарыз береді.

«Айта кету керек, банктердің және МҚҰ кепілсіз кредиттері бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 56%-

дан аспауы тиіс. Айыппұл мөлшері де шектеулі. Қысқамерзімді және шағын мөлшердегі қарыздар үшін жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесіне (ЖТСМ) заң жүзінде шектеу қолданылмайды. Бірақ қарыздың ең жоғары мөлшері (50 АЕК-ке дейін), мерзімі (45 күнге дейін) және мерзімі өткен жағдайда ең жоғары артық төлем (қарыз сомасының 50%-ы) көрсеткіштері шектелген. Осылайша, тіпті мерзімі өткен жағдайда да сыйақы мен айыппұл мен өсімпұл деңгейі 50%-дан аспайды. Бірақ МҚҰ қарыз алушыларды ЖТС мөлшері туралы хабардар етуге міндетті», — дейді «Талап» орталығының баяндамасында.

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының мәліметтері бойынша, Екінші деңгейдегі банктердің барлық тұтынушылық қарыздарының жартысынан көбі пайызсыз бөліп төлеуге жатады. Бірақ Ұлттық банк жариялаған орташа мөлшерлеменің көлемі айтарлықтай бұрмалануы мүмкін дейді мамандар. Себебі «пайызсыз» бөліп төлеу шеңберінде берілетін қарыздың мөлшерлемесі (ЖТСМ) ресми түрде 0% деп есептеледі. Бірақ іс жүзінде сатушыдан комиссия алынады, ал ол комиссия көлемі Ұлттық банктің статистикасында көрсетілмейді.

Банктердің биылғы алғашқы төрт айда тапқан таза пайдасы 777 млрд теңгені құраған. Бұл 2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 11,8%-ға көп. Қаржы табысты нарық екені көрініп-ақ тұр. Дегенмен қоғамның қарызға батуының жеке азаматтар үшін де, мемлекет үшін де жағымсыз салдары жетерлік.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметтеріне сәйкес,



Елдар ҚАБА (қолмақ)

2024 жылдың сәуірінде елімізде берілген тұтынушылық несиелер көлемі 11,1 трлн теңгеге жетсе, ипотекалық несие көлемі 5,5 трлн теңге болған. Сонымен қатар агенттік деректері 2023 жылдың соңында еліміздегі еңбекке қабілетті халықтың 86%-ының несиесі болғанын көрсетеді. Ал қазір көптеген азаматтардың екі және одан да көп кредиті бар. Салыстырар болсақ, былтыр 9 млн қарыз алушымен 19 млн кредиттік шарт жасалған. Яғни, 1,5 миллионнан астам адам 3 немесе одан да көп несие алған деген сөз. Оның 1,3 миллионы екінші деңгейлі банктерге тиесілі.

Қазақстандағы Қаржы реттеуші зерттеуінше, 2023 жылы қаржылық сауаттылық индексі небәрі 40,5%-ды құраған. Респонденттердің тек 30,2%-ы қаржылық мәселелерде өз бетінше шешім қабылдай

алатынын көрсеткен. Демек, жоғарыдағы статистикалық көрсеткіштер халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша жүйелі жұмыс қажеттігін көрсетеді. Бүгінде төлем қабілеттілігін бағалау 12 критерий бойынша жүзеге асырылады, оның ішінде карта бойынша шығындар, коммуналдық қызметтер бойынша шығындар, интернет-дүкенде сатып алу, мүлктің болуы және депозиттегі ақша құлдықтарының мөлшері және т.б. Бірақ бұл азаматтардың тұрақты кіріс көздерін анықтау үшін жеткіліксіз екені даусыз. Тіпті, халық арасында табысы жоқ азаматтарға несие беру жағдайлары да кең таралған. Сол себепті сарапшылар кепілсіз тұтынушылық несие сомасы мен санын, шекті сыйақы мөлшерлемесін шектеу маңызды деп есептейді.

ОЮДЫҢ БАСЫ БҮТІН, АРТЫ ҚОЮ

(Басы 1-бетте)

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

РУХАНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУҒА ЗАҢ КҮШІ КЕРЕК

Парламент Мәжілісінің депутаты Самат Мұсабаев осы мәселені көтеріп, оюланған киіз үйде ұлттық киім киіп, жартылай жалаңаштанып ойкастаған үшеудің әлеуметтік желіні шарлаған бейнеролигі халықтың ашу-ызасын тудырғаны әбден орынды екенін айтты. Сонымен қатар аталған бейнеролик бойынша Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне құқықтық баға беріп, бұған қатысты нақты шара қолдануын сұрады.

«Тал түсте төрімізде тайраңдағаны — нағыз басынғандық. Олар бүгін төрімізде тайрандаса, ертен төбемізде ойнамасына кім кепіл?! Сондықтан бұған көз жұмып қарап, жай қалдыра салуға болмайды. Бұл біріншіден, қоғамның осы әрекетке қалай үн қататынын байқайын деген астыртын сыр тарту тәсілі болса, екіншіден, ЛГБТ насихатына тосқауыл қоймақ талапқа деген ашық қарсылық. Үшіншіден, өскелең буынды өз ұлттық құндылықтарынан жеріндіру әрекеті. Бұдан былай ұлттық құндылықтарымыз — домбыра, кобыз, киіз үй, ұлттық киім, ұлттық тағам секілді асыл жәдігерлерімізді қандай да теріс мақсатта пайдалану, мазақ ету ұлт намысына қол сұғу, ұлттың беделін түсіруге бағытталған қылмыстық әрекет деп бағаланып, қылмыстық жауаптылықпен жазалануы тиіс. Ата дәстүрімізге қол сұғу — ұлттық қауіпсіздігімізге нұқсан келтіру, ұлттық құндылықтарды түбірімен жоюмен тепе-тең», — деп алдағы ЛГБТ насихатына қарсы өтетін петиция қорытындысын қарас отырысына қоғам белсенділерін, ұлт жанышарларын белсене қатысуға шақырды.

БАҚ пен әлеуметтік желілердің маңызы арта түскен қазіргі кезде қандай контент жасалып, оның таралуына ерекше мұқият болуға шақырған Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева 18 маусымда жұрт аузында жүрген бейнероликке қатысты пікір білдірді.

«Адамдардың көңіліне қаяу салып, мәдени және ұлттық болмысымызға сызат түсіретін жазбалар мен бейнероликтерге



жол берілмейді. Осы орайда, Мәдениет және ақпарат министрі ретінде киіз үйде би билеп, бейәдеп әрекетімен қоғам назарын аудартқан бейнеролик туралы айтқым келеді. Мұндай контент қоғамда алауыздық тудыруы мүмкін. Арандатушылыққа да ұрындыруы ықтимал. Әрине, өскелең ұрпақ тәрбиесіне кері әсерін тигізеді. Видеоның мазмұны қазақ халқының құндылықтары мен салт-дәстүрлеріне қайшы келеді. Кез келген шығармашылық жұмыста ұлттық салт-дәстүр мен құндылықтарды құрметтеуге басымдық таныту керек. Жұдырықтай жұмылып, бірлесе жұмыс істеп қана халқымыздың басын біріктіріп, бөлшектеуге болмайтын бай мәдени мұрамызды сақтап қала аламыз», — деді министр.

ОЮ-ӨРНЕКТІҢ ӨЗ ОРНЫ БАР

Ұлттық құндылықтарымызды қорлағандарға тек заң ғана тосқауыл бола алатынын айтқан этнограф ғалым Тәттігүл Қартаева рухани мұрамызды қорғайтын жаңа баптардың енгізілуін алға тартты. Шығармашылық көзқараспен қарап, жеке жұмысы үшін рухани мұраны мазақ еткендерге халық емес, қатаң бап қана тұсау бола алатыны анық жайт.

— ЮНЕСКО-ның 2003 жылғы 16 қазанда Париж қаласында қабылданған «Материалдық емес мәдениет мұраны қорғау туралы» конвенциясының 12-бабының 1-тармағына сәйкес 2013 жылдың 21 наурызда Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдениет мұраларының ұлттық тізімі бекітілген. Киіз үй «дәстүрлі кәсіпке қатысты білімдер мен дағдылар» санаты бойынша ұлттық тізімге алынып, одан әрі ЮНЕСКО-ның 2014 жыл 27 қарашада Франция, Парижде өткен сессиясында «Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне» енгізілді. Киіз үй — ЮНЕСКО-ға енген халықаралық деңгейдегі ескерткіш ретінде, оны қорғау, сақтау — міндетіміз. Камзол кию мәдениеті де, қазақтың би өнері де материалдық емес мәдениет мұраларының ұлттық тізіміне енген мұра ретінде қорғалатын «ескерткіш». Қазіргі заманғы инновация, жаңалықтың бәрін жақсылық деп қабылдау дәстүрлі құндылықтарымыздың барлық қырына кері әсерін тигізіп жатқаны анық. Тарихқа жақындаймыз деп ұлттық құндылықтарды өздерінің жеке жаңа шығармашылығына пайдалануға тосқауыл қою үшін Үкіметке «Материалдық емес мәдениет мұраларды қорғау, пайдалану» туралы заң қабылдауы қажет немесе ҚР «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №288-VI заңына өзгерістер енгізіп, рухани мұра ескерткіштерінің қорғалуын күшейтетін жаңа баптар енгізу қажет. Қазіргі замандағы шығармашылық, бизнес ортасында «жаңалық ашамыз» деп ұлттық құндылықтарды өзгертуге деген ағымы көзге ілеспей бара жатқан құлшынысты заң жүзінде ауыздықтап, жазаға тартуды күшейткенде ғана аяқтарын тартады, әйтпесе «патриоттық» аз айтылып жүрген жок», — деді ғалым Тәттігүл Қартаева.

Асылы, ою-өрнектің өзін оқи отырып, нақышында парасаттылық, сұлулық, ақылдылық жатқанын аңғаруға болады. Ал соны таптаған тұрпайы видеоға қарап, ұлттық болмысымызды айшықтап тұратын



рухани мұрамыздан өзіміз алшақ кетіп бара жатқанымызды көреміз. Көпшіліктің сынына ұшыраған KeshYou тобының продюсері Баян Максатқызы:

«Маған адамдар қазақы ою-өрнек үшін ұрысып жатыр. Жарайды, онда көрпеге отырып, оюды аяқпен басуды қойыңыздар! Ою бейнеленген кілемді төсеменіңдер! Біз мұны мәдениетімізді әлемге таныстыру үшін жасадық және бұл іс қолымыздан келді. Сіздер орынсыз сынап, хейт жазып, бізді алға жетелейсіңдер», — деп ашуланған болатын. Дегенмен киімге тігілетін ою мен көрпеге басылатын ою-өрнектің аражігіне

ныса алады. Мұнымен шектелмей, оның жеке өзі немесе адвокаты тәртіптік істі қарауға қатыса алады.

СУДЬЯЛЫҚ КОМИССИЯ КОСЫМША ҚҰЗЫРЛАНДЫ

Түзетулердің екінші бағыты Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияға қатысты реформалар тобын түзеді. Бұл комиссияның ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібін өзгертуді қамтиды.

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияға жаңа өкілеттіктер берілмек. Ол іс басындағы судьялардың біліктілігін бағалау кезінде және оны атқарып отырған лауазымына лайық деп таныған жағдайда, кез келген судьяны «білім-біліктілігінді жетілдіре түс» деп қызметін уақытша доғартып, Сот төрелігі академиясының біліктілікті арттыру курстарына жолдай алады.

Сенатор Айнұр Арғынбекованың айтуынша, бағалау барысында комиссия, мысалы судьяның білімінде құқықтың белгілі бір саласына қатысты олқылығы барын анықтауы ықтимал. Немесе нақты бір судьяның «қазіргі заманға сай әділ сот төрелігін жүзеге асыруы үшін құқық нормаларын қолданудың қосымша машықтарын дамытуы талап етіледі» деп тани алады. Халықаралық тәжірибеде, мысалы Германия, Бельгия және басқасында мұндай жағдайда судья міндетті түрде біліктілігін арттырудан өтуі тиіс.

Осылайша, судьялар корпусының сапасын арттыру көзделіпті. Өйткені депутаттардың пікірінше, сот саласында ондаған жыл жұмыс істеген, бірақ ескі тәжірибесіне ғана сүйеніп, жаңаны, тіпті заңнамалдағы өзгерістерді білуге құштарланбайтындар кездеседі.

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімдерін Жоғары Сот Кеңесі қарайды. Сөйтіп, тиісті ақырғы шешімдерді Жоғары сот кеңесі қабылдайды. Атап айтқанда, судьяны атқаратын қызметінен босатады немесе одан бас тартады, судьяны басқа сотқа ауыстыру туралы және тағы басқа шешім шығарады.

Айтпақшы, комиссия құрамы өзгертіледі: онда облыстық соттардың судьяларының саны көбейтіледі және оның құрамынан отставкадағы судья шығарылады. Сарапшылардың түсіндіруінше, комиссиядағы жұмыс көп уақытты алады, отставкадағы судьялар қаржылық жағынан ондай жұмысқа қызықпайды, өйткені комиссияға мүше болғаны үшін ақы төленбейді. Сондықтан комиссиядағы отставкадағы 1 судья орнына облыстық соттардың судьясын енгізу ұсынылды. Сонда оған Жоғарғы Соттан 3 судья және өңірлерден 4 судья кіреді.

АУЫЛҒА, СУДЬЯ БАРЫП ҚАЙТ!

Конституциялық заңнамалық түзетулердің тағы бір тобы Сот төрелігі академиясының түлектерін алдымен шалғай елді мекендерде орналасқан соттарда жұмыс істеуге міндеттейді. Себебі ресми дерек бойынша елімізде 300 судьяның орны бос тұр. Әсіресе, шет-қияндағы аудандарға судьялар барғысы келмейді, соның кесірі-

нен жырақта жүрген жұртшылық әділ сот төрелігінен қағылады, дауын сотта шешу үшін еңку-еңку жер шалып, қалаға, облыс орталығына ағылуға мәжбүр.

Жоғары Сот кеңесінің төрағасы Денис Шипп Сот төрелігі академиясының түлектерін алдымен алыс аудандарда жұмыс істеуге міндеттеуді қолдайды. Ол академия бітірушілерді өңірлерге бөлгенде олардың балдары назарға алынатынын нықтады. Оқу үлгерімдері жақсы, озақ түлектер қалаған жеріне бара алатын көрінеді.

Кейінгі 6 жыл ішінде академияда біліктілік емтиханын тапсырған 284 түлектің тек 207-сі судья болып тағайындалды, тағы 7-еуі судья лауазымына ұсынылды, бұл 76%-ды ғана құрайды. Соның ішінде соңғы 2 жылдағы көрсеткіштер орташа деректерден жоғары — 88%. Бұл статистика академия түлектерінің әлеуеті қазіргі судьялардың бос орындарын (300) толтыру үшін толық пайдаланымайтынын көрсетті.

Бұл тұрғыда заң жобасы бойынша оқуын аяқтаған және біліктілік емтиханын тапсыра алған академия түлектері Жоғарғы Сот кеңесінің рекомендациясы бойынша алыс елді мекенде орналасқан немесе штаттық саны 3 қызметкерден аспайтын аз құрамды соттардағы бос тұрған лауазымдарға жолданатын болады.

Сондай-ақ сот жүйесіне өзге салалардан білікті кадрларды молынан тарту үшін оларға Сот төрелігі академиясының магистратурасына мемлекеттік тапсырыс аясында түсіп, тегін оқуға мүмкіндік беріледі. Осыған байланысты Жоғарғы Сот кеңесіне аудандық соттардағы бос тұрған судьялық лауазымдар санын ескере отырып, аудандарға арнап, академияға оқуға түсушілердің квотасын белгілеу өкілеттігі берілмек.

Қазіргі уақытта бұл академияның магистратурасына мемлекеттік тапсырыс негізінде тек мемлекеттік қызметшілер түсе алады. Салдарынан, адвокаттар, заң консультанттары, нотариустар, басқа мамандар мұндай мүмкіндіктен айырылған. Оларға тиісті мүмкіндікті беру арқылы мемлекет судьялар қатарына құқықтың корпоративтік және басқа салаларының мамандарын іріктеп, тартуға қол жеткізеді.

Елдің елен еткізерлік жаңалық бар: зейнетке шыққан судьялардың мемлекеттен алатын ақшасы күрт артуы мүмкін. Өйткені 109 АЕК (2024 жылы 402 428 теңге) шектеу жойылады.

«Отставкадағы судьяның өмір бойғы және ай сайынғы қамтылымының ең жоғары мөлшері — судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысының 65%-ынан және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 109 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс», — делінген қолданыстағы заңнамда. Осындағы 109 АЕК деген ең жоғарғы шек алып тасталады. Нәтижесінде, судьялар зейнеткерлік алдындағы соңғы лауазымының 65 пайызы көлемінде бюджеттен өмір бойы ақы алады. Ол миллионнан асса да, енді шектеу жок.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ ОРНАЙДЫ

Қазақстанда сот реформасы басталды. Ол сот жүйесінде тарихи бетбұрысты әдіптейді және ірі өзгерістер әкеледі. Парламенттің қос палатасы бірлескен отырысында бірінші оқылымда мақұлдаған тиісті конституциялық заң жобасы судьялар корпусының жағдайын жақсарту үшін қажетті құқықтық базаны түзеді.

Айхан ШӘРІП

Сондай-ақ ол елдегі құқық пен заң үстемдігін орнатуға, азаматтар мен бизнестің сот арқылы қорғалу кепілдіктерін күшейтуге және сот төрелігін іске асыру сапасын арттыруға септеседі.

Білікті, тәуелсіз һәм бейтарап сотта істің әділ әрі ашық қаралуы — кез келген құқықтық, демократиялық мемлекеттің ұстыны. Депутаттардың айтуынша, «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа конституциялық заң жобасы осы бағыттағы игі қалам болуы тиіс.

Құжат Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырысында бірінші оқылымда құпталды. Ел басшылығы заң жобасын VIII шақырылымдағы депутаттық корпусының ағымдағы екінші сессиясы аяқталып, депутаттар жазғы қаниқулаға кеткенше қабылдауды тапсырыпты. Сондықтан екі палата өкілдерінен құралған бірлескен комиссия 21 маусымға дейін қауырт жұмыс жасап, Парламент депутаттары мен комитеттерінен заң жобасына қатысты түсіп жатқан көптеген ұсынысты іріктеп, пысықтайды және жобаны екінші оқылымға дайындайды.

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ РӨЛІ ӨЗГЕРЕДІ

Сонымен, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа конституциялық заңның жобасы Мемлекет басшысының Жолдауында сот төрелігін атқару сапасын қамтамасыз етуге және судьялардың кәсіби деңгейін арттыруға қатысты берген тапсырмаларын іске асыру үшін әзірленді.

Заң жобасы Сенат пен Мәжіліс депутаттарының бастамашылдығымен, мүдделі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ғылыми және заң қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен дайындалған екен. Конституциялық заң жобасының мақсаты — сот төрелігінің атқарылу сапасын, судьялар



Елдәр ҚАБА (қолжазба)

корпусының кәсіби біліктілігін, олардың жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттыруға бағытталған құқықтық тетіктерді жетілдіру арқылы сот жүйесін одан әрі дамыту.

СУДЬЯЛЫҚ КОРПУС САПАСЫ КАЙТСЕ АРТАДЫ?

Конституциялық заң жобасы өзге де жаңалықтарға толы. Сенаттың конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары жөніндегі комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаровтың айтуынша, олардың ірілерін 3 бағытқа бөлуге болады.

Бірінші бағыт — Сот жюриінің жұмысын жетілдіруге бағытталған. Занды белден басып, заңдылықты өрескел бұзған судьяға қатысты тәртіптік іс материалдарын тексерудің жаңа тегігі енгізіледі. Судьялардың заңды аяқасты етуінің әрбір фактісі бойынша материалдарды Жоғарғы сот кеңесі жанындағы Сот жюриі қарайтын болады.

— Ұсынылып отырған жаңа норма бойынша егер жоғары тұрған сот төменгі тұрған соттың ісін қарау барысында заңдылықтың өрескел бұзылу фактісі анықтаса, онда облыстық немесе Жоғарғы Соттың төрағасы тиісті пленарлық отырыста мұны қарап, судьяны тәртіптік жазаға тарту не тартпау туралы мәселені талқылау жөнінде Сот жюриіне ұсыныстар береді. Бұл ретте пленарлық отырыстың қандай шешім шығарғанына қарамастан, заңдылықтың өрескел бұзылу фактілері бойынша барлық материал тексеру үшін Сот жюриіне жіберілетін болады, — деді Нұрлан Бекназаров.

Маусым айында Президент Жарлығымен Абай облысының құрылғанына 2 жыл толып отыр. Тарих үшін қас-қағым сәт дегенмен де, өңірде атқарылып жатқан тынымды істер өте көп. Оның бірі осы уақытқа дейін қордаланып қалған мәселелердің тарқауы болса, енді бірі – дамуға қозғау салған жобалар.

Нұрлан ҚОСАЙ

Абай облысының экономикасын дамыту 2023–2027 жылдарға арналған Кешенді жоспар аясында іске асуда. Құжат негізінен геологиялық барлау және іздестіру жұмыстарымен қатар, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік пен туризмді дамыту, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік, экология, азаматтық қорғауды қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп салаларындағы жобаларды қамтиды. Осы ретте былтыр жалпы өңірлік өнім көлемі 5,8%-ға өскенін атай кеткен жөн. Бұл көрсеткіш бойынша аймақ республика көлемінде бесінші орында. ЖӨӨ-де негізгі үлесті өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көтерме және бөлшек сауда құрайды. Тұтыну бағаларының индексі аясында 2023 жылы халықтың ақшалай табысы 1,8%-ға өскен. Орташа айлық жалақы 15,7%-ға артып, 299,6 мың теңгеге жеткен.

«Біздің басты мақсатымыз — Президент реформаларын сапалы жүзеге асырып, Үкіметтің алға қойған тапсырмаларын орындап, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және табысын көбейту», — дейді Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранбаев.

Облыстық Қаржы басқармасының мәліметінше, өңірде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 5,1%-ға артқан. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,9%-ға көбейіп, республика бойынша облыс 4 орынға жайғасты. Орындалған құрылыс жұмыстары 228,1 млрд теңгені құрады, ал нақты көлем индексі 19,1%-ға өсті. Осылайша, облыс бюджеті 4,7%-ға ұлғайды.

«Әлеуметтік саланы қолдауға деген басымдық қала береді. Бюджеттің 54%-ы әлеуметтік саланы дамытуға, ал 36%-ы нақты секторды дамытуға бағытталған. 2024 жылы білім беруді (11 жоба), денсаулық сақтауды (60 жоба), әлеуметтік қорғау (1 жоба), мәдениет пен спортты (2 жоба), тұрғын үйді (91 жоба), тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты (92 жоба), көлікті (7 жоба) және басқа да салаларды қоса алғанда 272 бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылуда», — дейді облыстық Қаржы басқармасының басшысы Әділет Қожанбаев.

Абай облысы негізінен аграрлық өңір боп саналады. Сондықтан да мұнда бұл салаға ерекше мән



АБАЙ ӨНІРІНДЕ ТАҒЫЛЫМДЫ ІС КӨП

берілген. Мәселен, былтыр ауыл шаруашылығына 78,5 млрд теңге инвестиция салыныпты. Ірі кара мал 730,3 мың басқа дейін (2,0%-ға), жылқы 365,5 мың басқа дейін (12,3%-ға), ұсақ мал 1 171,3 мың басқа дейін (4,0%-ға) өскен. Барлық түрдегі ет өндірісі 104 мың тоннаға, ал сүт өндірісі 596,4 мың тоннаға дейін артқан. Биыл егіс алқабы 750 мың гектар жерді құрайды. Сондай-ақ Абай облысының ауылдық округтерін дамытуға арналған Жол картасы әзірленуде. Онда ауыл шаруашылығын жақсарту стратегиясы шеңберінде жылыжайлар орнату, мал шаруашылығын дамыту, әлеуметтік-экономикалық даму және инфрақұрылымдық объектілер салу қамтылмақ. Осы жұмыстардың тиімділігін арттыруға Целиноград ауданы Родина ауылының табысты тәжірибесі негіз болып отыр.

Бесқарағай ауданының аумағында жалпы ауданы 2 гектар болатын жыл бойғы жылыжай орнату жоспарлануда. Бұл азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, маусымдық тәуелділікті азайтады. Көкөністерді жыл бойы өсіруге мүмкіндік береді. Ұржар ауданы Таскескен ауылында асылтұқымды «Ақбас» ірі кара малын өсіру қолға алынбақ. Бұл жоба ет өндіруді арттырып, жана жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді. Сондай-ақ ауылда көмір бағасын

тұрақтандырып әрі жергілікті тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасайтын қысқы отын қоймасын салу көзделген. Жоба 2025 жылға жоспарланып отыр. Ақсуат ауданы Екпін ауылында клубтық үйлер мен аз қамтылған отбасыларға арналған жалға берілетін үйлер салу үшін жобалар іске асырылды. Көкпекті ауданында сүт фермасын дамыту нәтижесінде өнім көлемі күн сайын 11 тоннадан 20



тоннаға дейін артады. Сондай-ақ жұмысшылар үшін төрт пәтерлі жана үй, балалар ойын алаңын салу жоспарлануда. «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында Шақаман, Бөкенші ауылдары мен Шаған кентіндегі көшелерді жарықтандыру жұмыстары аяқталды.

Ауыл-аймақтарды дамытудан бөлек, облыс басшылығы әлеуметтік, коммуналдық, өнеркәсіптік салаларды да ұдайы назарда ұстап отыр. Мәселен, биыл облысты орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету үлесін 96,6%-ға жеткізу жоспарланған, яки 22 497 адамды қамтитын 24 сумен жабдықтау жобасы пайдалануға беріледі. Жылу көздері мен жылу желілеріне жөндеу жұмыстары жүргізілуде: 11 жылу көзін және 37,9 шақырым жылу желілерін салу, қайта жаңғырту және ағымдағы жөндеу бойынша 28 жоба іске асырылуда. Осы жұмыстардың нәтижесінде жылу желілерінің тозуы 64,2% - дан 56,4% - ға дейін төмендейді деп күтілуде.

Бюджет қаражаты есебінен 101 әлеуметтік нысанның құрылысы басталған. Оның ішінде: білім беру саласындағы 16 нысан, денсаулық сақтау саласында 67, спортта 9, мәдениетте 2 және әлеуметтік қамсыздандыруда 1 нысан бар. Олардың біркатары «Жайлы мектеп», «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобалары аясында қарастырылған. Сонымен қатар бүгінде өңірде жалпы аумағы 394,3 мың шаршы метр болатын тұрғын үйлердің құрылысы жүргізілуде. Бұл 3 882 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Абай облысында ет комбинатын салу жоспарда бар. 2024–2026 жылдары Семей қаласының аумағында жылдық қуаты 12 600 тонна болатын «Еуразия Агро Семей» ЖШС ет комбинатын салу, қуаттылығы жылына 600 тонна дайын өнім шығаратын «Ықылас Инвест» ЖШС ет консерві зауытын ашу қарастырылған.

Тізе берсе, ұлы ойшыл туған топырақта қайта түлеген игілікті іс көп. Абай облысы көз алдымызда көркейіп келеді.

«Ақпараттық қауіпсіздікке арналған БҚ» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Ақпараттық қауіпсіздікке арналған БҚ» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 1, 2024-ші жылға жалпы сомасы 129 763 514,75 теңге, ҚҚС-сыз). Сатып алынатын тауарлар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет. Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді). Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 05 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 05 шілдеде, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

«Кешенді электр-техникалық сынау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Кешенді электр-техникалық сынау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 17, 2024-ші жылға жалпы сомасы 215 767 999,27 теңге, ҚҚС-сыз). Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет. Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді). Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 05 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 05 шілдеде, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

Объявление о проведении открытого тендера по закупке услуг «Комплексное электротехническое испытание»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Комплексное электротехническое испытание». (Количество лотов — 17; общая сумма на 2024 год — 215 767 999,27 теңге без учета НДС). Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность. Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 05 июля 2024 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 05 июля 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

«Аутсорсинг және ақпараттық жүйені сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу жөніндегі ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС - Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Бостандық ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 193 үй, БСН 190240026235, «VR Global» ЖШС тендерлік өтінімі «Аутсорсинг және ақпараттық жүйені сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің жеңімпазы деп танылды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке услуг «Аутсорсинг и сопровождение информационной системы»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем открытого тендера по закупке услуг «Аутсорсинг и сопровождение информационной системы» - тендерную заявку ТОО «VR Global» - Республика Казахстан, 050013, г. Алматы, Бостандықский р-он, пр. Нұрсұлтан Назарбаев, дом 193, БИН 190240026235. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

Ашық тендердің нәтижелері туралы және қайта ашық тендер амалымен «Өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату» қызметтерін сатып алудың ашық тендері өткізілмеді деп танылды. Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату» қызметтерін сатып алу ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады. Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. (Лот саны — 17, жалпы сомасы 164 635 287,50 теңге, ҚҚС-сыз). Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет. Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді). Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 27 маусымда, сағ. 15:00-ге дейін. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 27 маусымда, сағ. 16:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление о результатах открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Утилизация промышленных отходов»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке услуг «Утилизация промышленных отходов» - несостоявшимся. В связи с вышеизложенным, объявляется проведение повторного открытого тендера по закупке услуг «Утилизация промышленных отходов». Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. (Количество лотов — 17, на общую сумму 164 635 287,50 теңге без учета НДС). Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность. Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 15:00 часов 27 июня 2024 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 16 часов 00 минут 27 июня 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

«Ыдыстарды техникалық куәландыру» қызметтерін сатып алу жөніндегі ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС — Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Алматы ауданы, Әуезов көшесі, 60 үй, 4Б кеңсе, БСН 130840012948, «KAZAKHSTAN MAXCOOPER OILTECH» (КАЗАХСТАН МАКС КУПЕР ОЙЛТЕХ) ЖШС тендерлік өтінімі «Ыдыстарды техникалық куәландыру» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің жеңімпазы деп танылды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке услуг

«Техническое освидетельствование сосудов»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем открытого тендера по закупке услуг «Техническое освидетельствование сосудов» - тендерную заявку ТОО «KAZAKHSTAN MAXCOOPER OILTECH» (КАЗАХСТАН МАКС КУПЕР ОЙЛТЕХ) - Республика Казахстан, 050000, город Алматы, Алмалинский район, ул. Ауэзова, дом 60, офис 4Б, БИН 130840012948. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.



ДОДА

ойындарына, Бішкектегі және Ыстан-бұлдағы лицензиялық турнирлерге қатысып, жолдамаға қол жеткізе алған жоқ. Бұл әйелдер құрамасының ең нашар нәтижесі саналады. Бір қызығы, лицензия жоқтығына қарамастан команда басшылығында еш өзгеріс жоқ.

«КЛАССИКТЕР» КӨНІЛ КӨНШІТПЕЙДІ

Грек-рим күресінің өкілдері жеті салмақтың үшеуінде жолдама алды. Десе де, олардың арасынан Олимпиада медаліне үмітті балуанды көру қиын.

60 келідегі Айдос Сұлтанғали екі әлем чемпионатында қола медаль алып, 2021 жылғы Азия біріншілігінде топ жарған. Бірақ соңғы нәтижелері айтарлықтай ауқымды емес. Азия ойындарында (2023) қолаға күресіп, жеңіліс тапты. Бішкектегі лицензиялық турнирде де тәжікстандық балуанды бір ұпай айырмасымен жеңгені жан-күйерлі біраз әбігерге салған. Ал жақында Венгрияда өткен рейтингілік турнирде Айдос бірінші айналымнан аспай, Оңтүстік Корея балуанынан жеңіліп қалды. Айдостың Олимпиада қарсаңында мұрттай ұшқаны оның тұрақсыз күресетінінен хабар береді. Сұлтанғалидің салмағында Жоламан Шәршенбиев (Қырғызстан) бастаған

72 келіден олимпиадалық салмақ саналатын 77 келіге ауысқалы бері ірі ресми жарыстардан жұлде алмады.

87 келіде Қазақстан командасының бір ғана балуаны бар. Ол — он жылдан аса уақыт бойы тізгінді ешкімге бермей келе жатқан Нұрсұлтан Тұрсынов. Тұрсынов өзінің жалындаған шағы — 2015 жылы әлем чемпионатынан 5-орын алып, 2014 жылы Азия чемпионы атанған. Былтырғы әлем чемпионатында жартылай финалға жеткенімен, жұлде қол жеткізе алмай, жұбаныш белдесуінде ғана жолдама алды. Будапештте өткен рейтингілік турнир Тұрсыновтың деңгейін тағы анықтап бергендей. Ол екі кездесуде қарсыластарына жалпы есебі 0:16 есебімен жол берді.

Бір қызығы, Сербияда өткен 2023 жылғы әлем чемпионатында грек-рим күресінен Нұрсұлтан Тұрсынов қана жолдама алды. Тұтас команда ішінен бір ғана спортшының лицензияға қол созуы қуанатын жайт емес.

130 келідегі Әлімхан Сыздықов өзі 12 жыл күткен Олимпиадасына биыл аттанады. Бірақ Әлімханның әлемдік деңгейде күресуге физикалық бітімі

ЕРКІН КҮРЕС: БАСТЫ ҮМІТІМІЗ ОЛИМПИАДА ҚАРСАҢЫНДА ҰТЫЛДЫ

Париж Олимпиадасында еркін күрестен үш спортшымыз ғана белдеседі. Команда тек 2012 жылғы Лондон Олимпиадасына толық құрамен барған. Содан бері еркін күрес шеберлерінің Олимпиададағы нәтижесі төмендеп барады. Риода ешбір балуанымыз жұлдеге ілікпесе, Токиода ресейлік легионер Нұрислам Санаев қана медаль алды.

Парижге кімдер барады? Азамат Дәулетбеков (86 келі), Әлішер Ерғали



(97 келі) және Юсуп Батырмұрзаев (125 келі).

Соңғы екі жылда Азамат Дәулетбеков әлем үздіктерінің көшіне ілескен еді. Үш дүркін Азия чемпионы атанып, әлем біріншілігінде қатарынан екі қола алған болатын. Бірақ Азаматтың Олимпиада алдындағы аяқ алысы жанкүйерлерді тағы ойлантып қойды. Венгриядағы рейтингілік турнирдің жартылай финалында Дәулетбеков даңқты Хасан Язданиден 0:10 есебімен ұтылды. Жарайды, Яздани мен Тейлорға ешкімнің де тісі батпаған. Бірақ қола медаль үшін өткен күресте жапондық жігіт, әлемдік жарыстарда айтарлықтай жұлде алмаған Хайато Ишигурадтан ұтылғанын еш ақтай алмаймыз. Басты үмітіміздің тас-талқан ұтылғанын расында қынжылтады...

Ризабек Айтмұхан 97 келіге ауысып үлгергенімен, бұл салмақта жолдаманы Әлішер Ерғали жеңіп алды.



Әлішер тәжірибелі балуан, рейтингілік турнирде де топ жарды. Бірақ бүгінге дейін ол не әлем чемпионатынан, не Олимпиада ойындарынан жұлде алмаған және ол басты фавориттер қатарына жатпайды.

125 келідегі Юсуп Батырмұрзаев физикалық күші бір кезеңге жететін балуан. Оның ұлттық құрама бас бапкері де мойындаған. Ресейден келген легионер осымен екінші Олимпиадасына аттанады. Ақтөбе облысының атынан шығатын спортшыға жергілікті кәсіпкерлер лицензия алғаны үшін көлік пен үй өперді. Лицензияның өзіне қыруар сыйлық алған балуанның әуеселесін енді Парижде байқаймыз.

Әзірге, Қазақстандағы күрес негізінен легионер спортшылардың медалімен толығуда. Рио ойындарынан басқа Олимпиадаларда шетелден келген балуандар абыройымызды жауып келген. 2004 жылы Геннадий Лалиев пен Георгий Цурцумия, 2008 жылы Таймураз Тигиев пен Марид Муталимов, 2012 жылы Даниял Гаджиев, 2021 жылы Нұрислам Санаевтар күрестен Олимпиада жұлдесін алып берді. Бүгінде олардың бірде-бірі Қазақстанда туып-өскен балуандар Олимпиада алтынының деңгейіне әлі жете алар емес.

Арда КЕМЕЛІ

Иең қайда,

ҚАШАҢҒЫ ТАРИХПЕН МАҚТАНАМЫЗ?

Қазақ балуандары күрестен әлем чемпионаттары мен Олимпиада ойындарында алтынға сусап жүр. Күрестің қай түрін алсаңыз да, әлемдік додаларда оза шабатын спортшыларымыз көп емес.

Мәселен, грек-рим күресінен қазақтан шыққан жалғыз Олимпиада чемпионы — Жаксылық Үшкемпіров. Балuanның 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасындағы ерлігінен соң қазақ жігіттері олимп шыңын бағындыра алмады.

Кейін, 1996 жылы Юрий Мельниченко Атланта Олимпиадасында топ жарды. Қазір құраманың тізгінін ұстаған ол Қырғызстаннан келген легионер болатын. Мельниченко біздің елге баяғыда сіңіп кетсе де, оның өмірбаянын өзгерте алмасымыз анық.

Классикалық күрестен тәуелсіз Қазақстан тарихындағы соңғы әрі жалғыз әлем чемпионы — Бақтияр Байсейітов. Ол 1998 жылғы әлем чемпионатында топ жарған. Содан бері біздің балуандарымыз (оның ішінде легионерлер де бар) әлемдік жарыстарда бір алтын медаль алмаған!

Еркін күрестегі жағдай да осылай тұғын. Қуанышқа қарай, былтыр Ризабек Айтмұхан әлем чемпионы атанып, 24 жыл күткен алтынды қоржынға салды. Бұған дейін еркін күрестен қанша легионер, тіпті құраманы жаттықтыруға бес дүркін әлем чемпионы

шы болып қайта оралдым. Қыздарымыздың Париж Олимпиадасына қатыспайтыны жанымызға батады. Бірақ амал жоқ. Қазіргі деңгей — осындай. Меніңше, ең бірінші кезекті бапкерлердің біліктілігін арттыру керек. Бәрі ескі әдіс-тәсілдермен жұмыс істейді. Бізге жаңашылдық керек деп ойлаймын.

Екіншіден, тәжірибелі балуандар командадан кеткен соң жана буыннан жарқырап ешкім шыққан жоқ. Жәмила

БІЗ КІЛЕМ?!

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНІҢ ӨКІЛДЕРІ ЖЕТІ САЛМАҚТЫҢ ҮШЕУІНДЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ. ДЕСЕ ДЕ, ОЛАРДЫҢ АРАСЫНАН ОЛИМПИАДА МЕДАЛІНЕ ҮМІТТІ БАЛУАНДЫ КӨРУ ҚИЫН.

мықтылар бар. Мұндай күреспен мықтыларды ұту мүмкін емес.

77 келідегі Демее Жадыраев та олимпиадалық салмаққа ауысқалы ауыз толтырарлық жеңіспен қуантпады. Ол Париж Олимпиадасына да әуірімдеп жүріп жолдама иеленгенін айта кету керек. Бішкектегі шешуші белдесуде Оңтүстік Кореяның ортаңқол балуанын соңғы секундтарда ғана ұтты. Демее Токио Олимпиадасында да алысқа бармаған. Жалпы, бұл балуан



Хаджимұрат Гацалов келсе де, нәтиже өзгермеген еді.

Ал Олимпиада ойындарында жергілікті спортшылардан Мәулен Мамыров (1996) мен Ақжүрек Танатаров (2012) қана жұлде алған. Қалған жұлдегерлердің барлығы — Ресейден келген легионерлер.

Осындай нәтижеге қарап, қазақстандық балуандар Парижде алысқа шабады деу қиын. Оның үстіне, Рио Олимпиадасында Туымызды көтерген қыздар құрамасынан бірде-бір спортшымыз жарысқа қатыспайды.

«БІЗ КҮРЕСУДІ БАСКАЛАРДАН ҮЙРЕНДІК»

Әйелдер күресінен Қазақстан командасының Олимпиадаға бірде-бір жолдама алмауының себебі — шетелде өтетін жаттығу жиындарының аздығы мен бапкерлер біліктілігінің төмендігі. 2016 жылғы әлем чемпионатының қола жұлдегері, Азия біріншілігінде алты рет жұлде алған Айым Әбділдина осындай пікірде.

«Менің күрестен кеткеніме көп болды. Қазір мемлекеттік жаттықтыру-

Бакбергенова ғана жетістігімен қуантты. Қалған жас спортшылар өз әлеуетін көрсете алмады. Яғни, бізде резерв мәселесі әуелден бар.

Үшіншіден, әйелдер күресі бізде айтарлықтай жақсы дамымаған. Біз күресіп бастағанда да жағдай осындай еді. Бірақ біздің буынның өкілдері шетелде, тіпті мына Ресей мен Беларусьта өтетін жаттығу жиындарына көп қатысты. Солармен төбелесіп жүріп, күресуді үйреніп алғанбыз. Бұлай айтсам, бапкерлер ренжитін шығар. Алайда бұл — шындық.

Ал қазіргі құраманың қыздарын шетелдегі жарыстар мен жаттығу жиындарына апармайды. Нәтиженің төмендеуіне осы да үлкен себеп. Қаражат бөлініп жатыр, соны ретімен игеру керек», — дейді мемлекеттік жаттықтырушы, әйелдер күресінен үздік құраманың бұрынғы мүшесі Айым Әбділдина.

Әйелдер күресінен Қазақстан командасының өкілдері Ханчжоудағы жазғы Азия





ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Ұлытау облысында мемлекеттік тілді оқыту курстары биыл да жалғасын табуда. Осы уақытқа дейін 73 тыңдаушы қамтылды. Оның бәрі сертификат алды. Ағылшын тіліне де қызығушылық артып келеді. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында 3 топ ұйымдастырылып, 24 адам қатысып, арнайы сертификатқа ие болды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Жезқазған қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы үш тілді меңгерген жастарды анықтап, қолдау мақсатында 2024 жылғы 23 ақпанда «Тілдарын» байқауын ұйымдастырып, өткізді. Аталған шараға колледж студенттері мен мектеп оқушылары қатысып, өз бақтарын сынады.

16 сәуірде Ұлытау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Ресурстық тілдерді дамыту орталығы» КММ ұйымдастыруымен бірнеше тілді меңгеру арқылы жас ұрпақты білім кеңістігінде еркін самғату, әлемдік ғылым құпияларына үнілту, өз қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасау мақсатында «Көп тіл білген – көпті ілер» атты облыстық тілдер кеші өткізілді. Кешке Ұлытау облысының қала-аудандарының полиглот жастары қатысты.

Жезқазған қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Тілтану» оқу-әдістемелік орталы-



ғы мекемесі 14 наурызда Ұлытау облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының қызметкерлерімен «Мемлекеттік тіл – сот өндірісінде» тақырыбында ақпараттық кездесу өткізді. Ақпараттық кездесуге Ұлытау облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты судья А.Ержанова және сот мамандары қатысты.

Кездесуде «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры орталық жайлы ақпарат бере отырып, қазақ тілі және ағылшын тілінен 24 сағаттық және 3 айлық курс өткізілетінін атап өтіп, сот мамандары тегін курсқа шақырылды.

Ұлытау облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Ресурстық тілдерді дамыту орталығы» мекемесі 15 наурызда «Көрнекі ақпараттағы көкейкесті мәселелер» тақырыбында онлайн-семинар өткізді.

Семинар барысында «Qaz Lingva» орталығының жетекшісі, Қарағанды ресурстық тілдерді дамыту орталығының «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасын іске асыру бойынша жұмыс тобының мүшесі Гүлназ Мұстағұлова «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру», Сәтбаев қаласы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Мадинат Игенберлина, «Көрнекі ақпарат тіліндегі сауаттылық», жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры Ақгүл Ошағанова «Жарнамалық көрнекі ақпарат-қала келбеті», Ұлытау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Ресурстық тілдерді дамыту орталығының» мониторинг және ақпараттық технологиялар бөлімінің меңгерушісі Жұлдыз Қасым «Көрнекі ақпараттың бүгінгі көрінісі» деген тақырыпта баяндама жасады.

Сонымен қатар Жезқазған қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы ZOOM платформасы арқы-



лы Ұлытау облысының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Мамыр айында Жезқазған қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы» мекемесінің ұйымдастыруымен «Латын әліпбиі – ұлттық сананың қайта жандануына жол» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.

Еліміздегі күрделі су тасқыны зардабына байланысты Мемлекет басшысы бюджет қаражатын үнемдеп, Қазақстандағы имидждік және басқа да ірі іс-шараларды азайту тапсырмасын орындау мақсатында, басқарма бойынша 272 млн теңге бюджетке қайтарылды. Сол себепті биыл қазіргі уақытқа дейін аталған бағдарламаның 114 – тармағы бойынша іс-шаралар ұйымдастырылмады.

Ұлытау облысы

ЭНДОУМЕНТ ҚОРЫНА 5 МИЛЛИОН ТЕНГЕ АУДАРДЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің 4-курс студенті Аружан Амангелді өзі білім алған оқу орнына қол ұшын созды: ол әлеуметтік осал санаттағы студенттерді қолдау үшін ЕҰУ-дың Эндаумент қорына 5 миллион теңге аударды. Айта кетейік, Қазақстанда алғаш рет ЖОО студенті өз университетіне қайырымдылық көмек көрсетіп отыр.

Аружан Амангелді студенттік кезінен қайырымдылық қызығушылығын ашты, онда жоғары оқу орнына түсуге талапкерлер дайындалады. Оның өмірлік ұраны: «Әрқашан сіз күткеннен де көп берініз».

«Университет маған үлкен мүмкіндіктер берді, мен ЕҰУ-да болашағымға негіз қалағанымға шексіз ризамын. Студенттерден ештеңе күтпейді, университет оның орнына бәрін береді. Бұл үлгі менің өмірге деген көзқарасымның негізі болды. Мен өз мысалыммен «Су ішкен құдыққа

түкірмеу» қаншалықты маңызды екенін көрсеткім келеді, мен студенттердің сиқырлы таяқшаны күтуді тоқтатып, өз өмірлері үшін жауапкершілікті өз мойнына алғанын қалаймын. Өзіңізбен болған барлық нәрсені, өмірлік тәжірибені талдаңыз, ал білімді әрі қарай әрекет ету үшін алыңыз. Университет сізге табысты болашақ бермейді, ол сізге бағыт қана береді, сіз сол арқылы табысқа жетесіз», – дейді ЕҰУ-дың жас меценаты.

Айта кетейік, ENU Endowment Fund 2022 жылы мұқтаж студенттерді, сондай-ақ талантты білім



алушыларды қаржылық қолдау, олардың инновациялық қызметі, университеттің түрлі жобасын іске асыру мақсатында құрылған. Бүгінде ENU Endowment Fund студенттердің әлеуметтік осал са-

наты үшін 30 шәкіртақы беріп келеді.

ENU Endowment Fund меценаттары: тұлалар, кәсіпкерлер, қоғам қайраткерлері және басқалар.

ҚҰНДЫ ДҮНИЕНІ ҰЛЫҚТАЙТЫН КӨРМЕ



Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің 100 жылдық мерейтойына орай Петропавлда «Тау тұлғаларға тұғыр болған қасиетті Павлодар тұғыр болған көрме жұмыс істеп жатыр. Жоба аясында Кереку өңірінен көрнекті тұлғалардың сирек кездесетін құжаттары, жеке заттары жиылған 100-ге жуық жәдігер әкелінген.



«Екі елдің арасындағы тарихи тұлғаларымыздың арасындағы мәдени байланыс сонау ертеден басталған. Сол мәдени байланысымызды біз жалғастырайық деп екі елдің бір-бірімен осы тұлғаларды таныстырайық, көрсетейік деп біздің елімізден шыққан әй-

Көрмеге қойылған экспонаттардың қатарында Мұса Шормановтың шам ұстағышы, Шәкен Аймановтың сахналық костюмдері, Майра Шамсутдинованың «Тальянка» сырнайы бар. Петропавлдағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде бұл көрме бір айға дейін жалғасалды.

«Екі елдің арасындағы тарихи тұлғаларымыздың арасындағы мәдени байланыс сонау ертеден басталған. Сол мәдени байланысымызды біз жалғастырайық деп екі елдің бір-бірімен осы тұлғаларды таныстырайық, көрсетейік деп біздің елімізден шыққан әй-

ЗАҒИП ЖАНДАР АРАСЫНДА ФЕСТИВАЛЬ БАСТАЛДЫ

Апта сайын өтетін жазғы мерекелік іс-шараға жергілікті өнер ұжымдары қатысады. Жоба биыл жаңаша сипатқа ие болды. Енді эстетикалық бағытта тәлім-тәрбие беретін түрлі клуб жұмыс істей бастады.

«Ақсу толқыны» жазғы фестивалі аясында суретшілердің пленэрі ұйымдастырылды. Әсіресе, зағип жандардың туындылары көпшілік көңілінен шықты.

«Зағип жандардың қолынан шыққан туындылар ерекше әсер сыйлайды. Барлық суреттен күннің бейнесін көрдім. Тіпті, салқын түстердің өзінен жылылық есіп тұр. Бұл көп нәрседен хабар береді», – дейді Ақсу қалалық мәдениет сарайының суретшісі Татьяна Тишакова.

Зағип жандар бұл картиналарды Суретшілер одағының мүшесі Ренат Елубаевтың көмегімен салды. Қылқалам шебері Ресейде өткен «Ғажайып адамдар» бағдарламасында өнер көрсеткен. Ол көзін байлап сурет салу арқылы танымал болған.

«Бұл жазғы фестиваль еліміздің Ақсу қаласында тұңғыш өткізілейін деп жатыр. Енді өздеріңіз ойлаңыздаршы, зағип жандар, көздері көрмейтін кісілер картина жазалы. Түстерді ажыратпаса да, ол кісілердің жүректері ояу. Сол жүректерімен, сезімдерімен салады. Сезіммен, түйсікпен салатын болса, онда түс-

терді ажыратудың, оны көрудің қажеттілігі жоқ», – деді Суретшілер одағының мүшесі Ренат Елубаев.

Суретшінің айтуынша, зағип жандар көкейінде жүрген мәселелерді осы картиналар арқылы көрсетеді. Сурет сала отырып олар ішкі әлемінің сыр-сандығын актралады. Астанадан келген өнерпаз жас суретшілерге де



Дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



шеберлік сағаты өткізілді. Жалпы, жазғы фестиваль бірнеше бағытты қамтыған. Поэзия кеші, колөнер мен қылқалам шеберлерінің көрмесі әр апта сайын өтеді.

«Барлық концерттік іс-шараларымыз негізінен жергілікті өнерпаздардың қатысуымен ұйымдастырылады. Бұл жергілікті өнерпаздардың репертуарлық жағынан ізденіске алып келеді. Апта сайын концерт өткеннен кейін өнерпаздар репертуарларын жаңартуға тура келеді. Осы маусым барысында тағы да түрлі шара ұйымдастыру жоспарда бар», – деді Ақсу қалалық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Медіғат Манапов.

Халықа көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, рухани азық беретін «Ақсу толқыны» жазғы фестивалі тамыз айының соңына дейін жалғасалды. Қортындысы бойынша үздік өнер ұжымдары анықталды.

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талпырыс №4462
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сізеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,